

Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін қоспағанда, пошта операторының пошта төлемі белгілерін пайдалану қағидаларын және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 264/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 29 мамырда № 36165 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 115) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін қоспағанда, пошта операторының пошта төлемі белгілерін пайдалану қағидалары және оларға қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін қоспағанда, пошта операторының пошта төлемі белгілеріне пайдалану тәртібін және пошта операторының пошта төлемі белгілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 61 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14164 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2019 жылғы 7 ақпандығы № 51 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18280 болып тіркелген) 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Ж. Мадиев

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі
2025 жылғы 28 мамырдағы
№ 264/НҚ бұйрығымен
бекітілген

Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін қоспағанда, пошта операторының пошта төлемі белгілерін пайдалану қағидалары және оларға қойылатын талаптар

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін қоспағанда, пошта операторының пошта төлемі белгілерін пайдалану қағидалары және оларға қойылатын талаптар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 115) тармақшасына сәйкес әзірленді және Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін қоспағанда, пошта операторының пошта төлемі белгілерін пайдалану тәртібін және оларға қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жазбаша хат-хабар – тіркелмейтін және тіркелетін хаттар, пошта карточкалары, бандерольдер және ұсақ пакеттер;

2) пошта карточкасы – арнаулы стандартты бланкіге жазбаша хабар жазылған, тіркелмейтін немесе тіркелетін пошта жөнелтілімі;

3) пошта операторы – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, пошта қызметі саласында көрсетіletтін қызметтерді ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;

4) пошта саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – өз күзыretі шегінде Қазақстан Республикасының аумағында пошта саласындағы мемлекеттік

саясатты іске асыруды, мемлекеттік бақылауды, қызметті үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

5) пошта төлемінің белгілері – пошта байланысының көрсетілетін қызметтеріне ақы төленгенін растайтын, пошта операторы жазбаша хат-хабар жөнелтілімдеріне жапсыратын белгілер, оның ішінде пошта маркалары, блоктар, маркалы конверттер және (немесе) пошта карточкалары, франкирлеу машиналарының бедерлері, электрондық және өзге де белгілер;

6) пошта төлемінің мемлекеттік белгілері – айналымға уәкілетті орган енгізетін, Ұлттық пошта операторының көрсетілетін қызметтеріне ақы төленгенін растайтын пошта маркалары, блоктар, маркалы конверттер және (немесе) пошта карточкалары, франкирлеу машиналарының бедерлері, электрондық және өзге де белгілер.

2-тaraу. Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін қоспағанда, пошта төлемі белгілерін пайдалану тәртібі

3. Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін қоспағанда, пошта төлемі белгілерін пайдалану "Пошта туралы" Қазақстан Республикасы Занының 16-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Пошта операторы пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін қоспағанда, осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органмен келісілген пошта төлемінің белгілерін пайдаланады.

3-тaraу. Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін қоспағанда, пошта төлемі белгілеріне қойылатын талаптар

5. Пошта төлемі белгілерінің эскиздерін өзірлеуді пошта операторы жүзеге асырады

6. Пошта төлем белгілерінде мынадай қызметтік жазбалар орналасады:

1) мемлекеттік тілде ("Қазақстан") және латын транслитерациясында ("Kazakhstan") мемлекеттің атауы;

2) электрондық пошта төлемінің белгілерін қоспағанда, жазбаша хат-хабар жіберу бойынша пошта операторының қызметтеріне төлем сомасын білдіретін латын әріптерімен немесе араб цифrlарымен көрсетілген номинал.

7. Пошта төлемі белгілерінің номиналды құнын белгілеген жағдайда, мынадай әріптер пайдаланылады:

"A" – занды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының шегінде 20 (жиырма) грамға дейінгі салмақта тіркелмейтін хатты жіберу тарифіне сәйкес келеді;

"B" – Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерүсті көлігімен 50 (елу) грамға дейінгі салмақта тіркелмейтін хатты жіберу тарифіне сәйкес келеді;

"С" – Қазақстан Республикасының шегінде 50 (елу) грамға дейінгі салмақта арнаулы хатты жіберу тарифіне сәйкес келеді;

"D" – Қазақстан Республикасының шегінде тіркелетін бандерольді жіберу тарифіне сәйкес келеді;

"Е" – Қазақстан Республикасының шегінде тіркелмейтін бандерольді жіберу тарифіне сәйкес келеді;

"N" – Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерусті қөлігімен 10 (он) грамға дейінгі салмақта тіркелмейтін пошталық карточканы жіберу тарифіне сәйкес келеді;

"M" – Қазақстан Республикасы шегінде жерусті қөлігімен салмағы 10 (он) грамға дейінгі арнаулы пошталық карточканы жіберу тарифіне сәйкес келеді;

"Р" – Қазақстан Республикасының ұсақ пакетті жіберу тарифіне сәйкес келеді.

8. Пошта төлемі белгілерінің пошта операторларына тиістілігін сәйкестендіру мақсатында пошта төлемінің мемлекеттік белгілерінен басқа беттік жағында пошта операторының атауы болады.

9. Пошта төлем белгілері пішіні тік немесе көлбеу өлшемі 15 (он бес) миллиметрден кем болмайтындей кез келген пішінде болуы мүмкін.

10. Кез келген компостермен жасалынған айырым тесіктері немесе өрнектелген бердерлі ізтаңбалар пошта төлем белгілерінің айқындылығын сақтай отырып енгізіледі.

11. Пошта төлем белгілеріндегі қызметтік жазбалар оңай оқылууды және пошта төлемінің белгісін рәсімдеудің композициялық шешіміне сәйкестікті қамтамасыз етіп орналастырылады.

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар

және аэробарыш

өнеркәсібі министрі

2025 жылғы 28 мамырдағы

№ 264/НҚ

Пошта төлемінің мемлекеттік

белгілерін қоспағанда,

пошта операторының пошта

төлемі белгілерін пайдалану

қағидаларына және оларға

қойылатын талаптарға

қосымша


Нысан

Пошта төлемінің белгілері (пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін қоспағанда)

	БЕКІТІЛДІ:
	Пошта операторы басшысының тегі, аты, экесінің аты (бар болса)

Пошта төлемінің белгісі
эскизінің түпнұсқасы 2:1

1:1



БЕКІТІЛДІ:	
Үәкілдті орган басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК